



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

«БЕКІТЕМІН»

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» коммерциялық емес
мекемесінің директоры

А. Жұмағұлова

20 ____ жылғы « ____ » _____

ЖОО-ны институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы басшысының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы лауазымдық нұсқаулық «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес ұйымының ЖОО-ны институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы басшысының (бұдан әрі – жоба басшысы) лауазымдық міндеттерін, құқығын және жауапкершілігін айқындайды.

2. Жоба басшысы қолданыстағы еңбек заңнамасымен белгіленген тәртіппен Агенттік директорының бұйрығымен лауазымға тағайындалады және атқаратын лауазымынан босатылды.

3. Жоба басшысы тікелей Агенттік директорына және ғылыми кеңесшіге бағынады.

4. Жоба басшысы лауазымына жоғары білімі және білім беру саласында кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін білетін адам тағайындалады.

5. Өз қызметінде Жоба басшысы мыналарды басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық актілері;

2) Агенттік директорының өкімдік құжаттары;

3) ішкі еңбек күн тәртібінің ережелері;

4) осы лауазымдық нұсқаулық.

6. Жоба басшысы:

1) білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерін;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен мамандықтар сыныптамасын;

3) білім беру ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын;

4) білім беру ұйымдарын аккредиттеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты;

5) ҚР БҒМ Республикалық аккредиттеу кеңесін жүргізу тәртібін және талаптарын;

6) ҚР БҒМ Республикалық аккредиттеу кеңесі туралы ережені;

7) Агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясы туралы ережені;

- 8) білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарын;
 - 9) білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын;
 - 10) ESG стандарттары мен ұсынымдарын;
 - 11) Сарапатау кеңестері туралы ережені;
 - 12) Агенттіктің сараптамалық қызметін реттеу жөніндегі ережені;
 - 13) білім беру ұйымдарын аккредиттеу процесінде сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі басшылықты;
 - 14) білім беруді ұйымдастыруды және білім беру бағдарламасын өзіндік бағалауды жүргізу жөніндегі басшылықты;
 - 15) Агенттіктің жарғысын, басшылықтың қызметті реттейтін бұйрықтары мен өкімдерін және осы лауазымдық нұсқаулықты білуі тиіс.
6. Жобалар басшысының Word, Excel, Power Point компьютерлік бағдарламалармен және Интернетпен жұмыс істеу дағдылары болуы тиіс.
7. Өндірістік қажеттілікке байланысты жоба басшысы қызметтік іссапарларға шыға алады.

2. Лауазымдық міндеттері

10. Жоба басшысы:
 - 1) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу бойынша іс-шараларды жобалауға және жүзеге асыруға;
 - 2) оған жүктелген міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;
 - 3) бақылау құжаттарының, Агенттік және ҚР БҒМ басшылығы тапсырмаларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;
 - 4) жобаның жұмыс кестесін әзірлеуге: сыртқы сараптау комиссияларының білім беру ұйымдарына баруы;
 - 5) семинарлар өткізу, есептерді рецензиялау кестелерін жасауға;
 - 6) ЖОО-ны және білім беру бағдарламаларын аккредиттеуге қатысты ішкі нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге қатысуға;
 - 7) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын әзірлеуге қатысуға (даярлық бағыттары бойынша);
 - 8) ұлттық білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы әдістемелік және анықтамалақы материалдарды әзірлеу;
 - 9) сапаны өзіндік бағалау және ішкі бағалау бойынша білім беру ұйымдарында оқыту семинарларын ұйымдастыруға;
 - 10) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау рәсімдерін өткізу бойынша сарапшылар үшін оқу семинарларын ұйымдастыруға және өткізуге;
 - 11) сыртқы сараптау комиссияларының құрамын қалыптастыруды үйлестіру;
 - 12) білім беру ұйымдарын өзіндік бағалау бойынша есептерді рецензиялау;
 - 13) Агенттіктің бақылаушыларынан олар үйлестіретін ЖОО бойынша қажетті ақпаратты сұратуға;

- 14) жоғары білім бойынша ұлттық сарапшылардың деректер базасын қалыптастыруға ықпал етуге;
- 15) Агенттік қызметінің перспективалық және ағымдағы жоспарларын дайындауға қатысуға;
- 16) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) жұмысына бақылаушы ретінде қатысуға;
- 17) Сыртқы сараптау комиссиясының сапарын өткізу бойынша құжаттардың толық пакетін дайындауға;
- 18) аккредиттелген білім беру ұйымдарының деректер базасына қажетті материалдарды беруге;
- 19) аккредиттелген білім беру ұйымдары/білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты дайындауға;
- 20) білім беру ұйымдарынан статистикалық деректерді алуға арналған нысандарды тексеруге және Агенттік басшылығына бекітуге ұсынуға;
- 21) білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің жай-күйін және даму тенденциясын талдауды жүзеге асыруға;
- 22) ССК жұмысы бойынша материалдарды дайындауға және тұрақты түрде Агенттіктің веб-сайтына жариялауға;
- 23) Агенттік басшылығының өзге де тапсырмаларын орындауға міндетті.

3. Құқығы

11. Жоба басшысы:
 - 1) Агенттік басшылығынан қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті барлық ақпаратты (өкім, бұйрық), әдістемелік, нормативтік және басқа да басшылық материалдарды алуға;
 - 2) Агенттіктің отырыстарына қатысуға;
 - 3) Агенттіктің қызметіне қатысты директор шешімінің жобаларымен танысуға;
 - 4) директордың тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарынан, жұмыс берушілерден, қоғамдық бірлестіктерден және т.б. ақпарат сұратуға;
 - 5) Агенттік басшылығының қарауына оның құзыретіне жататын проблемалар бойынша аналитикалық анықтамалар және қызметтік жазбалар ұсынуға;
 - 6) білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинарларға, конференцияларға, оның ішінде халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысуға;
 - 7) Агенттік басшылығының келісуі бойынша сарапшы ретінде шетелдік аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер сараптамалық комиссияларының жұмысына қатысуға;
 - 8) білім беру сапасын кепілдендіру мәселелері жөніндегі жұмыс топтарына қатысуға;

